

## Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 8 мамыр N 2983. Күші жойылды - ҚР Президентінің 1997.05.26. N 3531 Жарлығымен. ~U973531

Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есептің біртұтас жүйесін жасау мен оны үйлестіріп отыру мақсатында және "Бухгалтерлік есепке алу туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Z952732\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссия құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы Үкіметтің құрамына кірмейтін, Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен қаржы есептемесі жүйесін реттеп отыратын, есеп жүргізудің негізгі принциптері мен ережелерін, ішкі бақылау мен сыртқы аудит жөніндегі талаптарды белгілейтін орталық атқарушы орган болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының басты міндеттері:

1) Республикада бухгалтерлік есепті дамыту және оны бухгалтерлік есептің халықаралық жүйесімен интеграциялау;

2) бухгалтерлік есеп пен қаржы есептемесінің әдіснамасын айқындау және оны экономиканың барлық салалары үшін үйлестіріп отыру;

3) зерттеу және талдау жұмысын жүргізу, бухгалтерлік есеп стандарттарын, қаржы есептемесінің нысандамасын, қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу шоттарының жоспарын әзірлеу мен бекіту болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде:

1) Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық

комиссиясы туралы Ережені бекітсін;

2) Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясын қаржымен, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және оны орналастыру мәселелерін шешсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.  
Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК